ТЕМІРЖОЛШЫЛАР «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ АЛДАҒЫ СЪЕЗІНЕ ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ ҮСТІНДЕ 4 бет


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№9 (2393) 08/02/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз


ЦИТАТА ДНЯ

**Марат ШАКЕНОВ,**

**УПРАВЛЯЮЩИЙ ДИРЕКТОР ПО БЕЗОПАСНОСТИ АО «НК «ҚТЖ» – ДИРЕКТОР ДЕПАРТАМЕНТА БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ:**

**«БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ ВСЕГДА БЫЛА И ОСТАЕТСЯ КЛЮЧЕВОЙ ЗАДАЧЕЙ ҚТЖ, ГДЕ СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТЬЮ РАССМАТРИВАЕТСЯ НА ПРЕДМЕТ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ. ПРОВОДИТСЯ ФАКТОРНЫЙ АНАЛИЗ И ОПЕРАТИВНЫЙ МОНИТОРИНГ СОСТОЯНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ. ПРИНЯТЫ МЕРЫ ПО МИНИМИЗАЦИИ ВЛИЯНИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ФАКТОРА»**

АҚПАРАТ

## КӨЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ



**Өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі көлік қызметінің көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 4,6%-ке артқан. Бұл туралы кеше ҚР Үкіметінің баспасөз орталығында өткен жиында индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.**

Ж.Қасымбектің айтуынша, ел аумағы арқылы көліктің барлық түрімен тасымалданған жүк транзитінің көлемі 6 пайызға артып, ол 19,2 млн тоннаны құрап отыр. Соның ішінде Қытай-Еуропа бағытында 40% (171,2 мың конт.), Еуропа-Қытай 80%(139,6 мың конт.).

– Қазақстан тартымды бәсекеге қабілетті транзиттік хабқа айналды. Еуразияның ортасында транзиттік-логистикалық хабты қалыптастырдық деуге болады, – деді министр.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі индустриалды-инновациялық, инфрақұрылымдық даму, экспорт, құрылыс, көлік және логистиканы дамыту, техникалық реттеу және жер қойнауын пайдалану салаларына жетекшілік етеді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын және Индустрияландыру, «Нұрлы жол» мен «Нұрлы жер» атты үш мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда министрлік өзінің бағыттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Сондықтан министр «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауқымды автожол жобаларын іске асыру туралы да мәліметтер берді. Оның берген дерегінше, былтыр республикалық маңызы бар 1,5 мың км жол жөнделіп, 528 км автожол қайта жаңғыртылған. Өңіралық инфрақұрылымды жүйелі дамыту үшін өткен жылы жергілікті желідегі жолдарды жөндеуді қаржыландыру паритетті негізде 2 есеге артып, 150 млрд теңгеге дейін жеткізілді. 4 мың шақырымнан астам автожол жөнделді.

Сонымен қатар азаматтық авиация саласында тұрақты өсім бар екенін айтып, транзиттік әуе жолаушылар саны 2010 жылы 20 мың болса, 2018 жылы 900 мыңға дейін өскенін жеткізді. 2020 жылы транзиттік әуе жолаушылар саны 1,6 млн адамға жетеді.

**Ұлан ОРАЗ**

ТРАНСФОРМАЦИЯ

# ОПТИМИЗИРОВАННЫЙ ПОРТФЕЛЬ

Под руководством председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Сауата Мынбаева состоялось очередное заседание Совета по модернизации и трансформации бизнеса. Акцент повестки заседания был сделан на внедрении целевой операционной модели компании.

**Асель ШАЙХЫНОВА**

В мероприятии приняли участие руководство АО «Самрук-Қазына» и АО «НК «ҚТЖ», представители центральной команды трансформации АО «Самрук-Қазына», а также руководители структурных подразделений и команда трансформации ҚТЖ.

В связи с пересмотром Стратегии компании глава АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев инициировал проект по актуализации целевой операционной модели ҚТЖ, что обеспечит концентрацию усилий в наиболее приоритетных направлениях.

Кроме того, он акцентировал внимание на необходимости повышения уровня вовлеченности бизнеса и ключевых ролях спонсоров проектов.

Так как ключевыми элементами операционной модели являются бизнес-процессы, организационная модель, используемые технологии и требования к человеческим ресурсам, то будущая операционная модель будет способствовать реализации корпоративной стратегии и поможет скорректировать цели и задачи проектов Программы трансформации бизнеса.

Заместитель председателя правления по корпоративным вопросам АО «НК «ҚТЖ» Серик Абденов рассказал о проведенной работе по пересмотру портфеля проектов в связи с актуализацией операционной модели. Оптимизированный портфель включает в себя 12 проектов, которые направлены на повышение операционной эффективности и достижение результатов. В обновленный портфель включены 3 проекта по маркетингу и продажам в АО «Грузовые перевозки», АО «Пассажирские перевозки», АО «Қазтеміртранс», которые обеспечат развитие продаж и повышение уровня удовлетворенности клиентов.

СНЕГОБОРЬБА



# ИСПЫТАНИЕ НА ПРОЧНОСТЬ

Первая неделя февраля заставила железнодорожников работать в сложных метеоусловиях, мобилизовав силы всех дистанций пути. Только за одни сутки обильного снегопада по Казахстану осуществлено 73 выезда снегоуборочной и снегоочистительной техники, для очистки путей и стрелочных переводов привлечено 2 614 монтеров пути и 43 работника второй очереди.

– Чтобы обеспечить бесперебойное и безопасное движение поездов в разгар непогоды, очищено 3 579 километров пути и убрано 20 500 кубометров снега, – отметил главный менеджер функционального направления по производству департамента пути и сооружений Василий Курочкин. – С начала снегоборьбы вывезено уже 262 755 кубометров снега. Техника выезжала 934 раза, при этом очищено 33 780 километров пути, а число привлеченных работников второй очереди достигло 320 человек.

При этом в ряде регионов работа не требовала дополнительных сил и велась в штатном режиме. Так, по Шымкентскому отделению магистральной сети было задействовано 49 человек, Мангистаускому – 38, Атыраускому – 96. В то время как в соседнем с Атырау Актобинском отделении магистральной сети на очистку 494 километров пути пришлось привлечь 8 единиц снегоочистительной техники, а 383 человека были задействованы на очистке стрелочных переводов и станционных путей. За сутки там вывезли 2 000 кубометров снега. В Семейском отделении в этой работе задействовали 130 монтеров пути и 43 работника второй очереди. На помощь им вышла 21 снегоуборочная и снегоочистительная машина. Общими силами от заносов очищен 271 километр пути и вывезено 11 000 кубометров снега.

*(Продолжение на 2-3 стр.)*

КӨКЕЙКЕСТІ

# САТЫП АЛУДА ДА АШЫҚТЫҚ ҚАЖЕТ

Кез келген сатып алу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен тікелей байланысты екендігіне көз жеткізіп келеміз. Соңғы жылдары көптеген лауазымдық тұлғалардың заңбұзушылықтарын әшкере етудің белең алуы да сондықтан болса керек.

**Қызғалдақ ЖАҚЫПБЕКОВА**

Бұл тұрғыда ұлттық компаниялардағы сатып алулардың ашықтығы маңызды бола түседі. Осыны басшылыққа алған «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ арнайы кабинет жасақтағандығын қаперге сала кеткенді жөн көрдік. Шынында да, ұлттық тасымалдаушы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық комиссиялардың отырыстары үшін арнайы кабинет ашты. Басты мақсат – сатып алу рәсімдерін барынша ашық ету әрі әділ өткізу. Заң тұрғысынан сатып алу рәсімдері сандық форматта жүргізілуі керек болса, бұл бағытта да Компания қарап қалмады. Былайша айтқанда, сатып алу рәсімін жүргізетін кабинет ережесіне сәйкес енді бұдан былай барлық сатып алу отырыстары фото және бейне таспаға жазып алынатын болады.

Бұдан басқа, тіркеу, сақтау және есепке алу рәсімдері де барынша ашық жүргізіліп, сатып алу ережесін бұзуға жол бермеу жағы өз шешімін тапқан. Сондай-ақ кабинетті ойластырғанда, сатып алу рәсімдеріне қатысуда теңдей мүмкіндіктер жасау, сенімді әрі білікті жеткізушілерді тарту және конкурстық комиссиялар жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету бағытында ұтымды шешімдер қабылданғаны көрініп тұр.

Енді өз міндеттерін дұрыс атқармаған, не қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өз деңгейінде көрсете алмаған жеткізіп берушілер де сатып алулардан шеттетілетіні – белгілі жайт. Және де бұның барлығы да ашық әрі әділетті қағидасымен жүргізілетіні айтпаса да түсінікті. Бұл тұрғыдан келгенде сатып алу кабинеті сыбайлас жемқорлықтық іс-әрекеттердің жолын кесетіндігі қазірден белгілі болып отыр.

Сондықтан да бұндай оң үдеріс «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарында және өңірлік темір жол бөлімшелерінде да жүзеге асырылмақшы. Осылайша конкурстық комиссиялар отырыстарын әділдік принципінде өткізу қолға алынады. Бұл ретте еліміздегі ең ірі жұмыс беруші саналатын ұлттық тасымалдаушы өнімдер көлемі мен номенклатурасының саны бойынша белсенді тапсырыс берушілердің бірі саналатындығын да қаперге сала кеткен орынды. Ал сатып алу рәсімдерінің барынша ашық өткізілуі Компанияның шығынын оңтайландырып, табыстылыққа бастайтыны белгілі. Сондықтан да сатып алу кабинеттерінің жұмысының сапасы мен ашықтығына алдыңғы уақытта да ерекше назар аударылатын болады.

НОВОСТИ

## УЛУЧШАЯ ЖИЛИЩНЫЕ УСЛОВИЯ

**Правлением АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына» принято решение о реализации 13 квартир сотрудникам группы компаний АО «НК «ҚТЖ» в городе Кызылорда.**

Реализация квартир в жилом комплексе по улице Демесинова будет производиться Фондом недвижимости среди работников группы компаний АО «НК «ҚТЖ» на условиях аренды с последующим выкупом и прямой продажи.

Кандидаты будут отбираться среди работников, имеющих наибольшее количество баллов в соответствии с локальными актами АО «НК «ҚТЖ», регулирующими жилищную политику, они должны соответствовать требованию по отсутствию жилья и подтверждению платежеспособности «МСАП» (в банках второго уровня «БанкЦентрКредит» и «Тенгри Банк»).

Письмо Фонда недвижимости и условия реализации квартир размещены на официальном сайте АО «НК «ҚТЖ» в разделе «Кадровая политика > Социальная политика > Жилищная политика > Вложение».

За более подробной информацией об условиях жилищной программы и возможности участия в ней можно обратиться к ответственным работникам кадровой службы по месту работы.

Заявки на участие в данной жилищной программе будут приниматься в течение недели с даты данной публикации.

*Ермек БАЙГОЖА*

## ЗОЛОТОЙ КОРИДОР

**Из провинции Шэньси через Казахстан отправился первый в китайском новом году грузовой состав по маршруту Китай – Европа общей протяженностью более 9,4 тысячи километров, время в пути – 16 дней.**

Из города Сиань, административного центра провинции Шэньси на северо-западе Китая, отправился контейнерный грузовой поезд в немецкий город Гамбург. Он стал первым грузовым составом в китайском новом году по лунному календарю, отправленным Сианьским подразделением Китайской железнодорожной корпорации (КЖК) по маршруту международных железнодорожных перевозок Китай – Европа, сообщает агентство «Синьхуа».

Состав гружен механическим оборудованием и запчастями, предметами домашнего обихода, воздухоочистителями, одеждой, жидкокристаллическими дисплеями и другими товарами.

Поезд пересечет госграницу на КПП Алашанькоу в Синьцзян-Уйгурском автономном районе, проедет через Казахстан, Россию, Польшу и прибудет в Гамбург.

По словам специалистов, благодаря бурному развитию более чем 5 лет, грузовые рейсы по маршруту Китай – Европа уже превратились в золотой коридор, соединяющий провинцию Шэньси, город Сиань с Евразийским континентальным мостом. В 2018 году число отправлений грузовых составов из провинции Шэньси по маршруту Китай – Европа впервые превысило 1000.

По сообщению Сианьского подразделения КЖК, в целях стимулирования развития внешнеориентированной экономики в провинции Шэньси и городе Сиань в 2019 году еще более улучшится организация перевозок и повысится транспортная эффективность.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

ЦИФРА НОМЕРА

**ИНДЕКС СОЦИАЛЬНОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ РАБОТНИКОВ АО «НК «ҚТЖ» В 2018 ГОДУ ДОСТИГ**

**71%**

ЖАҢАЛЫҚТАР

# ЕРЕКШЕ РЕЖИМДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

**Сарышұнақ аяз бен қарлы бұрқасын жағдайында автомобиль жолдары мен әуе рейстерінің жабылуына байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімшелері ерекше режимде жұмыс істеуде.**

Темір жол төсемдерін қардан тазарту бойынша үздіксіз жұмыстар жүргізілуде. Өткен тәулікте темір жолдардан 20 мың текше метрден астам қар шығарылды. 3500 км астам темір жол төсемі тазартылды. Бұл жұмыстарды атқаруға 2700-ге жуық теміржолшы жұмылдырылды. Қар тазалайтын және қар жинайтын техникалар магистральдық желілерге 73 мәрте шыққан. Семей магистральдық желі бөлімшесінде жол монтерлерінен басқа, іргелес темір жол мекемелерінің қызметкерлері қар тазалауға қатысқан. Сонымен қатар локомотив және вагон пайдалану деполарында жүк және жолаушылар пойыздарына техникалық қызмет көрсетудің жүзеге асырылуына бақылау күшейтіліпті. Сондай-ақ, әртүрлі бағыттар бойынша жолаушылар пойыздарына 24 қосымша вагонның тіркелуі ұйымдастырылған. Осы ретте, теміржолшылар халықты қазіргі қолайсыз ауа райы жағдайларын ескере отырып, темір жол нысандарында қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз орындап, аса мұқият болуға шақырады.

*Ислам ТАЛҒАТ*

# КАССАДА ҚАРБАЛАС ЖОҚ

**Ауа райы қытымыр ел шығысында вокзалдар жұмысын ширата түскен. Дәл бүгінгі таңда өңірде -35 – -40 градустық аяздар мен қарлы боран ұйытқи соғып, қыс қаһарына мінген.**

Қазіргі таңда Семей, Шар, Жаңғызтөбе, Аягөз сынды аймақтағы вокзалдар ерекше назарға алынған. Жолаушылардың күту залы жылы. Кассалар қалыпты жұмыс істеп тұр. Алайда, аймақтағы республикалық маңыздағы автокөлік жолдары жиі жабылғанымен, теміржол қызметіне жүгінетін тұрғындар саны арта қоймапты. Сол себепті де кассалар алдында қарбалас жоқ.

– Жалпы, Семей вокзалы бойынша тәулігіне екі мыңның үстінде жолаушыларға қызмет көрсетеміз. Жол жүрушілер нөпірі негізінен маусымдық сипатқа байланысты қазіргі уақытта біршама саябырлап тұр. Мәселен, өткен қаңтар айы бойынша 46811 адамға қызмет көрсетіппіз. Тәулігіне 1510 жолаушы ғана билет сатып алып, сапарға аттанған. Бұл өткен жылдың есепті мерзімімен алғанда біршама төмен. Оған ауа райының қолайсыздығы себеп болуы мүмкін, – дейді Семей вокзалының бастығы Ержан Құрманалыұлы.

Қазіргі күндері вокзалдар аумағы магистральдық желі бөлімшесінің арнайы техникаларымен толықтай қардан тазартылған. Жолаушылар қатынасында ешқандай кедергі орын алған жоқ.

*Қуан ЕРТІС, Семей*

# ЕРЕКШЕ СТАТУСҚА ИЕ

**Түз бен теңіз тоғысқан Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі ерекше статусқа ие. Тек теміржол емес, теңіз жолына да қызмет көрсететін бөлімше бойынша өткен жылы жүк айналымы еселеп өскен.**

Айталық, пайдаланымдағы жүк айналымы 102% орындалып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 8% артық шыққан. Былтырғы жүк тиелімі 100% құраса, 2017 жыл көрсеткішінен 16%-ға артық. Пойыздардың учаскелік жылдамдығы артып, жолаушылар пойыздарының келіп-кетуіне қатысты кестесі де жақсарған.

Теңіз порттарында да оң динамика байқалуда. Айталық, Құрық портына жүк вагондарын шұғыл жылжытудың арқасында жылына 1,5 млн тонна бруттодан асатын жүкті өткізген 454 паромдық кеме өңдеуден өтіп, жөнелтілген. Ақтау порты да екі терминалында 27832 вагоннан жүк түсіріп, 443 кемеге тиеп жөнелтіп, 1,8 млн тоннадан астам астықтың шетел асуына септігін тигізген. Бөлімше басшылығы бұл көрсеткіштердің барлығы 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге көбейгенін айтады. Ал бұл өз кезегінде бөлімше арқылы транзиттік жүктің ұлғайып, порттармен тонның ішкі бауындай, қоян-қолтық жұмыстың жүргізіліп отырғанын айқындай түссе керек.

«Сонымен қатар былтыр бөлімшеде техникалық шараларға қатысты болсын, логистика саласында болсын ауқымды жұмыстар атқарылды. Магистральдық инфрақұрылым нысандарының техникалық жағдайын жақсарту бағытында, мәселен, 5 жол аралығында 90,3 км көлемінде күрделі жөндеу өтіп, 20 км жолға күшейтілген орта жөндеу жүргізілді. Бес тәуліктік технологиялық «толаскез» бере отырып, Бейнеу станциясындағы «Б» паркінің СОБ құрылғылары іске қосылды» дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов.

*Нұрбек БЕКЕН*

# ВОКЗАЛДАР ЖАҢАРТЫЛУДА

**Атырау магистральдық желі бөлімшесінің қарамағында 16 темір жол вокзалы мен 37 жолаушылар платформасы бар. Олардың бәрі билет кассаларымен және басқа да міндетті қызмет көрсету түрлерімен қамтамасыз етілген.**

Солардың ішінде тозығы жеткені Сағыз және Құлсары вокзалдары болатын. Өткен жылы Сағыз темір жол вокзалы ғимараты, оның құрылыс ауданы мен жолаушыларға қызмет көрсету сапасы техникалық тексеруден өтіп, нәтижесінде жаңа вокзал тұрғызу үшін жобалық-сметалық құжаттарын жасақтауға жіберілді. Ал 2018 жылдың сәуір айында жеке кәсіпкердің басшылығымен көлемі 714 шаршы метр болатын Құлсары жаңа темір жол вокзалы құрылысы басталды. Кешенді ғимарат 500 жолаушыға арналған. Бүгінгі таңда ғимараттың іргетасы, сыртқы қабырғалары қаланып, екінші қабаты бой көтерді. Қазіргі уақытта төбесі жасалып, шатыры жабылуда. Құрылыс жұмыстарын аяқтау 2019 жылдың 1-жартыжылдығына жоспарланған. Сонымен қатар, 2022 жылға дейін бөлімше бойынша Ганюшкино, Аққыстау, Доссор, Мақат вокзалдары жөндеуден өтпек.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*

ҚЫС – ҚАТАЛ СЫНШЫ

# АҚПАН АҚЫРЫП КЕЛДІ...

Астананың нағыз қақаған қысы ақпанның алғашқы аптасында басталып, ақ түтек боран темір жол бойында қармен күрес жұмыстарын күшейтуге мәжбүрледі. Алдыңғы шепте, әрине, тәуліктің кез келген сәтінде жол бойынан табылатын жолшылар жүр.

Астана ірілендірілген жол дистанциясының №2 жол колоннасының бастығы Серік Жүсіпбековтің айтуынша, қар борап, дауыл басталған 5 ақпанда Елорда мен Нұрлы жол станциясы жолына 80-нен астам жолшы, 2 СМ қар тазалап, жинайтын техника шыққан.

– Күндіз-түні ауысыммен қар тазалауға шыққан жолшылар бір тыным көрмей қар қалың түскен жолды күрекпен, бағыттама бұрмаларды қар үрлегіш шлангалармен тазалап, техника рельс торламасына жиналған қарды жинап, арнайы орындарға апарып төгілді. Қармен күрес жұмыстарын дер кезінде қарқынды жүргізудің арқасында жол қауіпсіздігін бұзу оқиғалары болмады, – дейді С. Жүсіпбеков.

Қар тазалап, жинайтын машиналар әр апарған сайын 120 текше метр тасиды екен. 2 техника бір тәулікте 20 рет тасып, 2400 текше метр қар шығарған.

– Техниканың қолы жетпеген жерлерді жолшылар тазалап, әсіресе, бұрмалардың арасын қар үрлегіш шлангамен компрессор арқылы қысыммен жел үрлеп отырып тазаладық. Сонымен қатар рельс пен жол арасындағы қарды аршыдық. Бізде барлығы осы аумақта 354-400-дей бағыттамалы бұрма бар екен. Солардың әрбірін қардан тазаламасақ, бұрма аралықтарындағы қар мұзға айналып, оның жұмысына кедергі келтіреді. Кешегі боранда да, бүгін де 70-80 жолшы кезекшілікпен жол бойына шығып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. Ал кеше басқа құрылымдық мекемелер, ШЧ, ЭЧ, ВЧД, теміржол күзеті, ДС, т.б. өздеріне тиесілі аумақты қардан тазалауға жұмылдырылды, – дейді колонна бастығы.

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ**

# КЕРЕК-ЖАРАҒЫ ТҮГЕЛ

Оңтүстікте күн жылы дегенмен, қыстың аты – қыс. Өңірге желтоқсан, қаңтар айларында көп қар жауа қойған жоқ. Сондықтан дистанция қолайсыз ауа райына байланысты тосыннан кедергілерге тап бола қоймады. Десе де, ақпан айы басталғаны сол, күн күрт суытып, үсті-үстіне қар жауды.



Шымкент жол дистанциясының жұмысшылары қысқы жұмыс жағдайында еңбек етуде. Дистанцияға қарасты жолшылар жылынатын 48 қосын бар.Онда жұмысшылардың тамақтанатын, киім-кешектерін ауыстыратын, ауа райы жаңбырлы, қарлы күндері су болып қалса, киімдерін кептіретін жағдай бар, ал өтпе кезекшілері тұратын ғимараттардың пештері бар, оның бәрі де жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек, барлық нысандар тамақ ысытатын микротолқынды пешпен, тоңазытқыштармен қамтамасыз етілген. Дистанцияға жақында жол төсемдерінің астындағы қар мен тастан тазалау жұмыстарымен айналысатын МКТСЗ УТЭН техникасы жеткізіліпті.

«Дистанциядағы жалпы жағдайды күзгі байқау кезінде-ақ тексеріп, қысқа қандай жағдай жасауымыз керек, қай ғимараттың жылыту ошақтарын жөндеу қажет, анықтап, кем-кетікті жойғанбыз. Соның нәтижесінде ешқандай қиындық кедергі туындаған жоқ. Қыс маусымында жұмыс істеуге толық дайындықпен кірдік. Жұмысшылар 90 пайыз киім-кешекпен қамтамасыз етілген, керек-жарағы түгел. Жанар-жағармайдан да таршылық көріп отырған жоқпыз, өзімізге берілетін көлемді толық алып отырмыз», – деді еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі жетекші инженер Ақберен Абдрахманов.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,** *Шымкент*

Семейлік теміржолшылар ең қатал сынақ – «қыс шілдесін» аса қауырт шаралармен өткізуде. Апта басында басталған аяз бен қар кезек алмасып, сала қызметкерлерін әбігерге салып жатыр.

# ДЕМ АЛЫСЫ ҮСКІРІК, АЯЗ БЕН ҚАР...



Бөлімше басшысы Марлен Көкірекбаевтың арнайы нұсқауы аясында аймақ бойынша қармен күрес, төменгі температурада қызмет жасау туралы тың міндеттемелер қабылданған болатын. Соның нәтижесінде өңірге қар циклонының келіп жетіп, 20 сантиметрлік қалың ақ ұлпа түсуіне байланысты бірінші кезекте қар сенбіліктері ұйымдастырылды. Бұл ретте Семей станциясында екі, Защита станциясында бес, желі бойындағы Жаңғызтөбе, Аягөз, Жарма, Шар бойынша бір күннен жаппай қар шығару ісі жүргізілді. Аталмыш шараға теміржолшылар тілімен айтқанда «екінші кезек» бойынша қызметкерлер жұмылдырылды. Яғни, тек жолшылар қауымы ғана емес, барлық теміржолшылар жұмыла кірісті деген сөз.

– Қажет болған жағдайда азаматтық қорғаныс аясында қармен күреске қаланың өзге тұрғындары да жұмылуға әзір. Бұл тек «үшінші кезек» бойынша ғана іске асады. Әзірге, ауа райының қолайсыздығына толық төтеп берудеміз. Желі бойына қар тазалаушы машиналар шығарылған. Дәл бүгінгі күні 19 қар тазалаушы техника жұмыс жүргізуде. Соңғы үш тәулік бойы қарлы бұрқасынға орай бағыттамалы бұрмалар басына кезекшілер қойдық. Мысалы, өткен түнде бөлімше бойынша 100 адам кезекшілік етті. Алдағы күндер аяз күшейетін болса, адамдар саны артатын болады, – дейді желі бойынан оралған Семей магистральдық желі бөлімшесі Жол бөлімінің бастығы Қайыргелді Ахметжанов.

Сол тәрізді станциялар басында қар шығару жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, тораптық Семей станциясы бойынша не бары бір күн ішінде жалпы саны жүзге тарта теміржолшы жұмыла жұмыс жүргізіп, 520 текше м қар шығарылған. Ол үшін он платформадан тұратын бір қар тазалаушы машина тартылыпты. Ал, екі күн ішінде станциядан 960 шаршы м. қар шығарылды. Сол тәрізді қалың түскен қармен күрес жұмыстары Жаңғызтөбе, Шар станцияларында да қарқынды жүргізілуде.

Ауа райының қолайсыздығына байланысты бөлімше аумағында жылжымалы құрамдардың кідіруі орын алған жоқ.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,** *Семей*
*Суретті түсірген автор*

# ЖОЛШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Сыр өңірінде қыс ауасы қолайсыз ауа райында жұмыс жасайтын теміржолшылардың қауіпсіздігі бөлімше басшылығы тарапынан қатаң бақылауға алынған. Әсіресе, жол бойындағы жолшылар жұмысы тәулік бойы қадағаланып, әрбір сағат сайын жағдай орталыққа баяндалуда екен.

Қолайсыз температурада жолдарды, бағыттамалық бұрмаларды тазалап, қозғалыс қауіпсіздігімен тікелей жұмыс жүргізетін жолшылар үшін арнайы қосымша инструктаждар өткізіліп, жағдаймен танысқандығын айғақтайтын жеке-жеке қол қойдырылған. Өндірістік жұмыстар жүргізілетін орындар қатаң бақылауға алынып, жұмыс жасаушылар кемінде екі адамнан кем емес болып, өзара байланыс жасай отырып жұмыс жасау тапсырылған. Сонымен қатар жолшылардың білегіне қызыл түсті сигналдық белгі байлап жүруі міндеттелген.

Дистанцияда тәуліктік кезекшілік түзілген. Әрбір бригаданы учаскелердегі өндірістік жұмысқа тасымалдайтын АДМ немесе автокөліктің жандырғыш лампасының, дәрігерлік қобдишасының болуы тексерілуде. Жолшының қыстық киімінің болуы, аязға қарсы жақпа маймен қамтылуы, белгі беретін қол белгілерінің және бағыттамалық бұрмаларды тазалауға арналған ағаш құрал-сайманмен қамтамасыз етілуі ескерілген. Телім арасында, станциялық жолдарда жол машиналарымен жұмыс жасайтын жолшылармен күнделікті диспетчерлік байланыс орнатылып, бақылауға алынған.

– Дистанцияның басшылық құрамы да тәуліктік кезекшілікпен жұмыс жасауда. Жалпы қазіргі уақытта ауа температурасы нөлден төменгі -10-15 дәрежені көрсетіп тұрғанмен, өндірістік жұмыстар жүргізілетін телім аралықтарында, учаскелерде жұмыс жасайтын жолшылар үшін қыс маусымы аса қолайсыз. Сондықтан таңертеңнен кешке дейін учаскелерде жұмыс жасайтын жолшылар қауіпсіздігі қатаң бақылауда, – дейді дистанцияның еңбек қорғау инженері Майра Бадрақова.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# ЕЛОРДАНЫҢ БАС ҚАҚПАСЫ

Елорда теміржолының бас қақпасы Астана станциясына биыл 90 жыл толып отыр. Ақмола станциясына алғашқы пойыз 1929 жылы 8 қарашада келген екен. Мерейтойды станциядағы барлық тораптық құрылымдық теміржол мекемелері бірлесіп атап өтуді жоспарлауда. Себебі олардың бәрінің де тарихы осы станцияның құрылуымен бірге басталған.



Тарихи деректерге көз жүгіртсек, алғаш бұл өлкеге темір жол келгенде кең жазық далада жолаушылар үшін ықтасын болар пана болмапты. Ақмола қаласы мен теміржол тартылған аймақтың арасын 3 км мидай дала бөліп жатқан. Екі жыл ішінде станция дамып, 10 қабылдап-жөнелту жолы, жолаушылар тасымалы мен оларға қызмет көрсету үшін 380 адамға арналған 2 қабатты вокзал бой көтерген. Сонымен қатар үш жолы, бір қоймасы, бір ашық платформасы бар жүк ауласы салынған.

1939 жылы Ақмола-Қарталы темір жол желісі салынғасын қала Солтүстік Қазақстанның 6 облысын біріктіретін ірі көлік торабына айналды. Тың көтеру жылдары қала атауымен сәйкес Целиноград аталған станция Қазақ темір жолындағы ірі станциялардың бірі болды. Ол арқылы тәулігіне 20 жұп жолаушылар пойыздары мен жүк пойыздары өтетін. 1990 жылы жаңа вокзал салынып, пайдалануға берілді. Вокзал қуаттылығының негізгі көрсеткіші 1 800 жолаушыға дейін жетті. 1997 жылдан бастап жаңа астана ретінде дамыған қаламен қатар станция да өсіп, 2001 жылы станцияға Астана атауы берілді.

Бүгінгі таңда Астана станциясы сипаты бойынша кластан тыс сұрыптау станциясы болып табылады. Басты, жұп, тақ, сұрыптау, дөңес, ранжирлі – барлығы 6 парк бар. Станция шаруашылығы талапқа сай дамыған, атап айтқанда, жүктерді түсіруге, тиеуге, сұрыптауға, сақтауға, жүк пойыздарын құрастыруға, жөнелтуге арналған құрылғылар, жүк және жолаушылар вагондарын жөндеу және қызмет көрсету, жолаушылар вагондарын экипировкалау, орталықтандыру және блокировкалау құрылғылары, жарықтандыру, байланыс, сумен жабдықтау, өртке қарсы қауіпсіздік құрылғылары, пойыздар мен вагондардың коммерциялық және техникалық бұзушылықтарды анықтауға арналған жабдықтармен толық қамтылған. Сұрыптау дөңесі автоматты орталықтандырылған жүйемен, АДМ датчигімен, вагон жылдамдығын бәсеңдету, магнитті педальдармен, ось есебі датчигімен және тағы басқа құралдармен жабдықталған.

– Станцияға тәулігіне 70 жүк пойыз келіп-кетеді, келген пойыздардың тең жартысын таратылатын пойыздар, қалған жартысын транзиттік пойыздар құрайды. Вагон айналымы 8,268 вагонды құраса, соның 4,132 вагоны – келген, 4,137 – кеткен вагондар. Астана станциясы бойынша 40 жолаушылар пойызы мен 16 қаламаңы электр пойызы қозғалысы ұйымдастырылған. Станцияда қуаттылығы күшті автоматтандырылған сұрыптау дөңесі бар, онда Атбасар, Аққөл, Қарағанды, Ерейментау станциялары бағытындағы пойыздар құрастырылады. Сұрыптау дөңесіндегі жасалатын жұмыс көлемі тәулігіне орташа есеппен 2.746 вагонды құрайды, – дейді станцияның бастығы міндетін атқарушы Қайрат Оразбаев.

Биыл тоқсан жылдығын атап өткелі отырған станция басшысының айтуынша, 2019 жылға қойған міндеттер ретінде станцияның технологиялық қуаттылығын жетілдіріп, өткізгіштік қабілетін арттыру, қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбек қорғаудың мақсатты деңгейіне қол жеткізу көзделуде.

**Ұлан ОРАЗ**
*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ





# ИСПЫТАНИЕ НА ПРОЧНОСТЬ

*(Начало на 1 стр.)*

**АСТАНА**

С капризами природы работники Астанинской дистанции пути (ПЧ-17) справляются, не допуская задержек поездов. В метель и сильный мороз, обрушившиеся на столицу 5 февраля, организовано дежурство руководителей среднего звена.

– За сутки борьбы с непогодой снегоуборочной техникой вывезено 1 200 кубометров снега и очищено 95,6 километра пути. Мобилизовано 150 монтеров и 16 ремонтников искусственных сооружений, – сообщил начальник производственно-технического отдела Нурлыбек Тыржанов. – Работники дистанции активно очищают от снега и льда рельсы и стрелочные переводы нового вокзального комплекса «Нұрлы жол», обеспечивая бесперебойное движение поездов.

6 февраля, когда стрелка термометра опустилась до -35 градусов без учета ветра и влажности, АО «Пассажирские перевозки» отменило рейс пассажирского поезда № 92, отправлявшегося с вокзала «Нұрлы жол» в Кызылорду, а также поезда № 91, следующего в обратном направлении. Остальные составы следуют по графику. Кроме того, на этот период возле обоих железнодорожных вокзалов столицы отменены платные парковки.

Не понаслышке зная о суровости местных зим, столичные железнодорожники заблаговременно готовятся к любым испытаниям. Так, заранее проверено 4 233 метра снегозащитных заборов, 700 из них отремонтированы.

Как правило, февраль богат на бураны и морозы, поэтому работа по снегоборьбе не останавливается ни на минуту. Согласно приказу начальника Астанинской дистанции пути, в зависимости от погодных условий ведется контроль над своевременным выделением рабочей силы. На страже вся необходимая техника – три машины СМ-2, по одной СМ-7 и СМ-5, одна ПСС-1 и 5 СДПМ. В январе с ее помощью ПЧ-17 вывезено 43 250 кубометров снега и очищено 350,5 километра пути.

**АЛМАТЫ**

220 путейцев Алматинской дистанции пути вышли в ночь с 5 на 6 февраля, когда регион оказался во власти снежного циклона. Только за ночь было вывезено 30 кубометров снега.

Заместитель начальника Алматинской дистанции пути Кайрат Капсаламатов приехал на производственный участок № 5. Перегон Алматы-1 – Алматы-2 сложный, здесь находятся 292 стрелочных перевода. В станционном парке Алматы-1 работают 9 маневровых локомотивов, наблюдается интенсивный грузопоток.

На перегоне Алматы-1 – Алматы-2 две бригады под руководством начальника участка Бахытжана Татарова чистили стрелочные переводы, причем в условиях почти нулевой видимости, а слой снежного покрова составлял более 25 сантиметров.

– Все под контролем, обходимся пока своими силами, но если будет необходимость, то воспользуемся снегоочистительной техникой, предназначенной для очистки железнодорожных путей, в том числе стрелочных переводов и горловин, такой поезд ППС-1 в дистанции имеется, – поясняет Кайрат Капсаламатов.

**КАРАГАНДА**

В Карагандинском регионе в связи с метелью и снегопадом на 66 железнодорожных станциях работало около 40 единиц снегоуборочной техники и роторных электроснегоочистителей.

Производится очистка стрелочных переводов от снега. Кроме того, в план по снегоборьбе входит количество бригад, закрепленных за снегоочистительной техникой, таблица учета уборки снега с территории станций, перечень раздельных пунктов с электрической централизацией, стрелок, оборудованных пневмообдувкой, план привлечения рабочей силы 1-й, 2-й и 3-й очереди по очистке путей и стрелочных переводов от снега на станциях.

– В области это первый буран, – рассказывает начальник отдела пути филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Канат Ибраев. – Специально созданный штаб следит за полным и качественным выполнением плана по снегоборьбе.

В связи с непогодой на железнодорожном вокзале Караганды составы приходят с задержкой по времени.

– Из-за ограниченной видимости в целях безопасности железнодорожные составы приходят с опозданием. Однако пассажиры относятся к этому с пониманием, – сообщила начальник Северного регионального филиала АО «Вокзал-сервис» Назгуль Галиаскарова. – Ситуация находится под контролем, пассажиры оперативно проинформированы о ситуации с расписанием поездов.

**КОКШЕТАУ**

25 вокзалов Акмолинской области работают в штатном режиме, несмотря на лютые морозы.

Начальник участка и вокзала Кокшетау Роза Арыстанкызы рассказала, что ситуация под контролем круглосуточно. Из-за морозов в областном центре закрыт автовокзал, трассы перекрыты, поэтому жители города чаще пользуются поездами.

– Но ажиотажа нет, – заверила Роза Арыстанкызы. – Круглосуточно работают две кассы, днем шесть.

